

“Астана медициналық университеті” АҚ

СӨЖ

Тақырып: Үстелдік қосымшалар және мобильді құрылғылар үшін операциялық жүйелердің жіктелуі.

Орындаған: Жунусова Н.Б

Топ: 102-Фармация

Қабылдаған: Баймаханбетова А.Қ

Астана қаласы, 2017 жыл

Жоспар:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
 - 1. Үстелдік қосымша
 - 2. Операциялық жүйе
 - 3. ОЖ-ның түрлері
 - 4. WINDOWS-тың түрлері
 - 5. Даму тарихы
- III. Қорытынды



Үстелдік қосымшада- Windows элементтері мен объектілері көрсетілген.

MS Windows-та файлдық структуралық каталогтар орналасқан.


Үстелдік қосымшаның концепциясының бірі-ол бір уақытта бірнеше жұмысты атқара алады.

Үстелдік қосымшаның элементтері

- 1.Мой компьютер
- 2.Корзина
- 3.Мой документы
4. Калькулятор
5. Блокнот

Үстелдік қосымшаның астыңғы жағында “ПУСК” орналасқан.

Элементы рабочего стола



Операциялық жүйе дегеніміз – компьютерді басқаруға арналған және қолданбалы бағдарламалармен қарым-қатынас жасауға арналған бағдарлама.





Операциялық жүйенің функциясына кіреді:

- Қолданушымен сұқбатты жүзеге асыру;
 - Еңгізу-шығару және деректермен басқару;
 - Бағдарламалардың өндеу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;
 - Ресурстарды орналастыру;
 - Бағдарламаларды орындалуға еңгізу;
 - Бірнеше көмекші операцияларды қамтамасыз ету;
 - Әр түрлі сыртқы құрылымдар арасында ақпараттарды беру; -
- Перифериялық құрылымдарды бағдарламалық қолдау жұмыстары.

ОЖ төрт негізгі түрі бар:


- Бір пайдаланушылық бір есептік, олар бір пернетақтаны қолдайды және тек бір есеппен жұмыс істей алады;
- Бір пайдаланушылық бір есептік фондық мөрімен, негізгі есеппен бірге қосымша есепті еңгізе алады және ақпаратты мөрге бағыттайды. Бұл көп көлемді ақпараттарды мөрге жіберу жұмысың тездетеді.;
- Бір пайдаланушылық көп есептік ,бір қолданушыға көп есептермен жұмыс жасап,өңдей алады. Мысалы, бір компьютерге бірнеше принтерлер қосуға болады және әр қайсысы өз жұмысын атқарады;
- Көп пайдаланушылық көп есептік, бір компьютерде бірнеше қолданушылармен бірнеше есептер еңгізе алады.Осы ОЖ өте күрделі және бірталай машиналық ресурстарды керек етеді.

MS DOS (Microsoft Disk Operating System) операциялық жүйесі — 16-разрядты персональдық компьютерлерде өте кең таралған ОЖ. Ол келесі негізгі модульдерден тұрады:

- Енгізу/шығару базалық жүйе (BIOS);
- Алғашқы қосылу блогі (Boot Record);
- Енгізу/шығару базалық жүйенің кенейту модулі (IO.SYS);
- өндеуді тоқтату модулі (MSDOS.SYS);
- командалық процессор (COMMAND.COM);
- MS DOS утилиттары.



Windows Операциялық жүйесі. Қазіргі кезде әлем бойынша көптеген компьютерлер Microsoft фирмасының Windows жүйесінде жұмыс жасайды.



Windows NT (NT — англ. New Technology) — бұл жай графикалық қабықша емес, ол операциялық жүйе. Дербес компьютерлердің жаңа модельдерінің мүмкіншіліктерін қолдананады және DOS жүйесінсіз жұмыс істей алады. Windows NT — 32-разрядты ОЖ. Ол қолданушыларға көп міндетті атқаратын, көп процессорлық қолдау, құпиялық, деректерді қорғау және т.б. қамтамасыз етеді.





Windows 95 универсальды жоғарғы өнімді көп міндетті атқаратын және көп үздіксіз 32-разрядты кең таралған желілік мүмкіншілігі бар және графикалық интерфейсі бар операциялық жүйе. Windows 95 — жеке бағдарламалар арасындағы ақпараттармен алмасуды іске асыратын және мәтіндік, графикалық, дыбыстық және видео ақпараттарды өңдеу, мультимедиямен жұмыс жасау мүмкіндіктерін қолданушыға қамтамасыз ететін интеграцияланған орта. Windows 95-тің қолданушы интерфейсі өте тиімді және қарапайым. Windows 3 қабықшасына қарағанда бұл операциялық жүйе компьютерде операциялық жүйе DOS-ты қажет етпейді. Ол ДК немесе Pentium-ге арналған. Жедел жадының көлемі 32—128 Мбайт болу қажет. Компьютерді қосқаннан кейін және BIOS мәтіндік бағдарламаларды қолданған соң Windows 95 операциялық жүйесі автоматты түрде қатты дисктан енгізіледі.

Windows 98 - бен Windows 95-тің айырмашылығы: Windows 98 операциялық жүйесінде Internet Explorer браузерімен біріктірілген және Web-браузер түрінде жасалған. Windows 2000 Professional — әр түрлі компьютерлерде- портативтіден бастап серверліге дейін қолданылатын жаңа ғасырдың операциялық жүйесі. Интернетте коммерциялық әрекеттерді жасау үшін тиімді операциялық жүйе. Windows CE 3.0 — операцияльная система для мобильды есептеуіш құрылғылар үшін қолданылатын операциялық жүйе мысалы, қалталық компьютерлер, цифрлық ақпараттық пейджерлар, мобильды телефондар, мультимедиялық және DVD құрылғылары Windows CE операциялық жүйесі—ашық архитектурасы бар, көптеген құрылымдарды қолдануға мүмкіндік беретін, 32-разрядты, көп міндетті атқаратын , көп үздіксіз операциялық жүйе. Windows CE тұтас, бірақ жоғарғы өндірімді. Бұл бірлеспроцессорлардың бірнеше маркаларымен және өндірушілермен жұмыс жасайтын мобильдік жүйе.





Windows XP – бұл бұрыннан бар Windows нұсқаларының жаңартылуы болып табылатын Microsoft амалдық жүйесі. Windows XP екі нұсқасы бар: жеке пайдаланушыларға және шағын кәсіпорындар мен мекемелерге арналған Windows XP Home және неғұрлым күрделі есептеулерді жүргізуге арналған едәуір жетілдірілген Windows XP Professional.


Windows бейне беттің терезелерге бөлінуі арқасында осындай атауға ие болды. Әрбір терезе іске қосуға болатын қандай да бір ақпараттан, кескін немесе бағдарламадан тұрады. Бейне бетте бір мезгілде бірнеше терезе орналастырып қойып, бірінен біріне ауысып жүруге болады. Windows XP пайдаланушы қажеттіліктеріне недәуір бейімделген, оның тілдесуі недәуір қызықты, алдыңғы жүйелермен салыстырғанда мүмкіндіктері недәуір кеңірек. Әдетте жүйе бір мәселе шешімінің үштен артық нұсқасын ұсынады.

Unix операциялық жүйесі Bell Telephone Laboratories-та құрылған. Unix — өте көп қолданушылардың жұмыстарын бір мезгілде қамтамасыз ете алатын көпміндетті операциялық жүйе. Unix ОЖ ядросы биік деңгейдегі C тілінде жазылған, және ассамблерде тек қана 10процент коды ғана бар. Бұл саналған айлар ішінде ОЖ Unix басқа аппараттық платформаларға аударуға және байсалды өзгерістермен қосымшыларды оңай еңгізуге болады. UNIX бірінші көшірмелі операциялық жүйе болып аталады. Көп деген қолданып жүрген UNIX версияларында әр дайым өзгерістер еңгізіліп отырады. Бір жағынаң бұл жүйенің мүмкіншілігін артырып отырады, ал бір жағынаң – қолданып жүрген версиялар арасында айырмашылықтар пайда болады. Осыған байланысты жүйелердің әртүрлі қасиеттеріне стандартизация қажеттілігі туында



UNIX атақтылық себебі:

- Код жүйесі биік деңгейдегі C тілінде жазылған, өте түсінікті және тиімді.
- UNIX — көп міндеттік көп қоланушылық жүйе.
- Стандарты бар. Бірінғай архитектурасы және интерфейс стандарты бар.
- Қарапайым, бірақ алымды модульдық қолданушы интерфейс.
- Бірлескен, иерархиялық файлдық жүйе қызметін көрметеді.
- Өте көп қосымшалар, сонымен қатар оңай таратылатын, қарапайым мәтіндік редактордан бастап деректер базасы.



Linux — бастапқы коды ашық операциялық жүйелер жиыны. Бұл дегеніміз, олар модификациялана алады және кез келген адам оны әлем бойынша тарата алады дегенді білдіреді. Бұл оны Windows сияқты басқа ОЖ-ден қатты ерекшелейді. Өйткені Windows-ті құрастырушысы ғана өзгерте және тарата алады. Линукстың артықшылығы, оның тегін екенінде және оның таңдауға мүмкіндік болатын бірнеше нұсқасы болады. Әр нұсқаның сырт бейнесі өзгеше болады, және олардың ең танымалы Ubuntu, Mint пен Fedora. Linux 1991 жылы Linux-тің негізін қалаған Линус Торвальдстің құрметіне аталған.

StatCounter Global Stats жалпы статистикалар мәліметінше, 2014 жылдың қыркүйек айының дерегі бойынша, Linux қолданушылары операциялық жүйелер нарығының 2%-ын құрайды. Алайда, баптауларының жеңілдігі мен икемділігінің арқасында көптеген серверлер Linux-та жұмыс істейді.



Операциялық жүйелер үстел үстілік және ноутбук сияқты портативті компьютерлерге арналған. Телефон, смартфон, планшеттік компьютерлер мен MP3-плеерлер сияқты мобильді құрылғыларға арналып жасалған операциялық жүйелер бар, мысалы, Apple, IOS, Windows Phone және Google Android.



Android — ықшамды (желілі) операциялық жүйе. Ол Linux ядросының негізінде жасалған және коммуникаторлар, планшетті компьютерлерге, санды ойнатқыштарға, қолсағаттарға, нетбуктар мен смартбуктарға арнап жасалынған. Алғашында бұны Android Inc. компаниясы жасап жатқанды, кейіннен бұл компанияны Google сатып алды. Содан кейін Google қазіргі кезде осы платформаның дамуына ат салысып жүрген Open Handset Alliance (ОНА) альянсын құруға ынта білдірді. Android Google кітапхана арқылы жасалынған басқару құрылғысымен Java-қолданбалар жасауға мүмкіндік береді. Android Native Development Kit Си және де басқа да бағдарламалау тілінде жазылған қолданбаларды жасай алады.



Даму тарихы

- 2005 жыл шілде — Google компаниясы Android Inc. компаниясын сатып алды.
- 2007 жыл 5 қыркүйек — мобилді құрылғыларға арналған ашық стандарттар жасау мақсатында құрылатын Open Handset Alliance (ОНА) компания тобының құрылуы жөнінде ресми хабарлады.
12 қараша — Android «Early Look» SDK жасаушыларына арналған алғашқы нұсқаның пакеті көрсетілді әрі жүктеуге ұсынылды.
- 2008 жыл 18 тамыз — ОНА SDK 0.9 beta жаңа нұсқасы шыққаны туралы хабарлады.
23 қыркүйек — Google компаниясы T-Mobile мобилді оператормен және тайваньдық HTC компаниясымен бірге жаңа Android 1.0 платформасының базасында жұмыс жасайтын T-Mobile G1 (HTC Dream) смартфонны шығатыны туралы құлақтандырды
- 2009 жыл 30 сәуір — жаңаланған Android 1.5 (Cupcake) нұсқасы ресми түрде шықты.
15 қыркүйек — Android 1.6 (Donut) нұсқасы шықты.
26 қазан — Android 2.0 (Eclair) нұсқасы шықты.
3 желтоқсан — Android 2.0.1 нұсқасы шықты.
- 2010 жыл 12 қаңтар — Android 2.1 нұсқасы шықты. Кейбір деректер бойынша оны «Flan» деп атаған, бірақта бұл «Eclair» релизінің бір бөлігі болған.
мамыр — Android 2.2 (Froyo) нұсқасы шықты.
жеттоқсан — Android 2.3 (Gingerbread) нұсқасы шықты.
- 2011 жыл 22 ақпан — Android 3.0 (Honeycomb) нұсқасы шықты.
15 тамыз — Google компания Motorola Mobility директорлар кеңесімен телекоммуникациялық корпорацияны 12,5 млрд долларға сату жөніндегі келісімге отыра алды.
9 қыркүйек — Android 5.0 Jelly Bean туралы алғашқы сыбыстар естіле бастады.
19 қазан — Android 4.0 Ice Cream Sandwich нұсқасы шықты.

Жаңалану тарихы

2008 жылы алғашқы нұсқасы шыққаннан бері жүйе бірнеше рет жаңаланып тұрды. Бұл жаңаландырулар жүйеден табылған ақаулар мен жаңа функцияларды қосу болып табылады. Әр нұсқаның өзінше кодталған есім болады. Кодты есімі алфавит бойынша беріледі.



Жүлдерлер мен жетістіктері

PC Magazine баспасы Android 4.0 Ice Cream Sandwich операция-лық жүйесін «Редакция қалауы» аты жүлдемен марапаттады, олар-дың айтуынша, жаңа ОЖ платформаға көптеген жаңартулар әкелді, соның ішінде смартфон мен планшеттік жүйелер арасындағы айыр-машылықты кетірген.

2012 жылдың маусым айында «Ведомости» газетінің хабарлауы бойынша, Android өзінің басты қарсыласын Apple-ді планшетті ком-пьютерлер нарығында жеңе алған.

Сарапшылардың айтуынша, бұл сырғудың себебі Apple-дің өз құрыл-ғыларын шығаруды кешеуілдетіп жатуынан дейді.



iOS (2010 жылдың 24 маусымына дейін: iPhone OS) — Америкалық Apple компаниясымен құрастырылып, шығарылатын мобильді операциялық жүйе. 2007 жылы шығарылған; бастапқыда iPod touch және iPhone құрылғыларына шығарылып, сосын iPad және Apple TV құрылғыларына да шығарылды. Windows Phone және Android операциялық жүйелеріне қарағанда тек қана Apple компаниясының құрылғыларына қондырылады.

iOS-тың қолданушы интерфейсі мультитач қозғалыстары арқылы тікелей басқару концепциясында құрылған. Интерфейсті басқару элементтері батырмалардан, сүйрегіштер мен тетіктерден құрылған.

iOS MacOS-тің негізінде құрылып, оның POSIX -үйлесімді Darwin -нің негізгі компоненттерінің жинағын қолданады.

iOS-та төрт абстракциялау қабаты бар: Core OS қабаты, Core Services қабаты, Media Layer қабаты және Cocoa Touch қабаты.

iOS-тың қазіргі таңдағы версиясында (iOS 6.0) жүйелік бөлімге құрылғының 1,5 — 2 Гб флеш-жады беріледі және бос орынға 800 Мб беріледі (құрылғының модификациясына байланысты өзгереді).

2013 жылдың 7 қаңтарына қараған таңда App Store бағдарламалар дүкенінде iOS-қа арналған 755 мың бағдарламалар бар. Оларды жүктеудің жалпы саны 40 миллиардтан асып түсті.

Жасаушы Apple

ОЖ отбасысы OS X

Соңғы қол жетімді нұсқасы 9,1

Жаңарту тәсілі iTunes көмегімен немесе

Үлгі:Iw

Қолдайтын тілдері 34 тіл

Компьютерлік платформасы келесі

құрылғылар үшін:

iPhone 4S, 5, 5c, 5s, 6, 6 Plus;

iPod touch 5;

iPad 2, 3, 4, Air, Air 2

iPad mini, iPad mini 2, iPad mini 3


Apple TV 2Gen, 3Gen


Операциялық жүйенің ядросы XNU
(гибридті)

Лицензиясы жеке меншік

Жағдайы Актуалды

Сайты apple.com/ru/ios





Джобс Стивен (Jobs Steben) 1955 жылы Калифорния штатының Маунтин-Вью қаласында дүниеге келген. Компьютерлер саласындағы америкалық ірі кәсіпкер, Apple компаниясын құрушының бірі және оның директорлар кеңесінің төрағасы. Онымен қоса, ол NeXT Software компаниясының да құрылтайшысының бірі, Pixar Animation Studios компаниясының да төрағасы әрі атқарушы бас директоры болып істеген. Өмірлік демі 2011 жылғы қазан айының 5-де үзілді.

Қорытынды

- ▣ **Үстелдік қосымшада-** Windows элементтері мен объектілері көрсетілген.
 - ▣ Операциялық жүйе дегеніміз – компьютерді басқаруға арналған және қолданбалы бағдарламалармен қарым-қатынас жасауға арналған бағдарлама.
 - ▣ Операциялық жүйелер үстел үстілік және ноутбук сияқты портативті компьютерлерге арналған. Телефон, смартфон, планшеттік компьютерлер мен MP3-плеерлер сияқты мобильді құрылғыларға арналып жасалған операциялық жүйелер бар, мысалы, Apple, IOS, Windows Phone және Google Android.
-



Пайдаланылған әдебиеттер

- Wikipedia.org
- Stud.kz сайттардан

